

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№4 Хаттамасы

Түркістан қаласы

10.12. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.У. Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы филос.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Шадинова, кафедра меңгерушілері: Phd., аға оқытушы Д.Шауенов, Phd., аға оқытушы С. Т. Шылмамбетов, Phd., аға оқытушы Ф.Б. Камалова, магистр оқытушы Бейсенов А., магистр оқытушы Досалиев Т., магистр оқытушы Ибадулла Ы. және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы.
2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау.
3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау.
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы.
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау.
6. Білім беру бағдарламаларын өзектендіру үшін еңбек нарығы мен құзыреттерді зерттеуді қосу.
7. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы.
8. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау.
9. Факультет ішінде нормативтік актілер мен әдістемелік регламенттерді жетілдіру.
10. Әр түрлі мәселелер:
 1. Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.
 2. «Теология» кафедрасының біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы «Шапағат нұры – исламдық руханият негіздері» зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне арналған қосымша білім беру бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.

1-мәселе бойынша оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Шадинова сөз алып, профессор-оқытушылар құрамының 2025–2026 оқу жылына арналған индикативті жоспарлары бекітілген жұмыс бағыттары бойынша жүйелі түрде орындалып келеді, деп бастады. Атап айтқанда, жоспарланған оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және кәсіби даму бағыттары бойынша көрсеткіштер кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

1. Оқу-әдістемелік жұмыс

ПОҚ тарапынан бекітілген оқу жоспарлары сәйкес сабақтар толық көлемде өткізілді. Пәндер бойынша силлабустар, оқу-әдістемелік контенттер, электронды оқу материалдары уақытында жаңартылып, білім алушыларға қолжетімді етілді. Ашық сабақтар, өзара сабаққа қатысу және әдістемелік талдау жұмыстары жоспарға сай орындалып, педагогикалық тәжірибе алмасу жүйелі түрде ұйымдастырылды.

2. Ғылыми-зерттеу қызметі

Оқытушылар ғылыми мақалалар дайындау, конференцияларға қатысу, зерттеу тақырыптары бойынша жұмыс жүргізу сияқты индикативті көрсеткіштерді орындау бағытында белсенді жұмыс атқаруда. ПОҚ мүшелері республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап, ғылыми ізденістерінің нәтижелерін жариялауда.

3. Тәрбие және қоғамдық жұмыс

ПОҚ кураторлық қызмет аясында студенттермен тәрбиелік, патриоттық, мәдени-ағартушылық іс-шараларды тұрақты түрде өткізді. Колледжішілік, факультеттік және қалалық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып, білім алушылардың азаматтық және рухани дамуына ықпал етуде.

4. Кәсіби даму және біліктілікті арттыру

Оқытушылар біліктілікті арттыру курстарына қатысып, педагогикалық және цифрлық құзыреттерін жетілдіру бағытында жұмыс жүргізуде. Инновациялық оқыту технологияларын енгізу, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану көрсеткіштері индикативті жоспарға сәйкес орындалуда.

2-мәселе бойынша оқу-әдістемелік комитет отырысында факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева сөз алып Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы талаптарының 53-тармағына сәйкес ЖЖОКБҰ кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіру жылы ішінде бітірушілердің кемінде 50%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Бұл ретте, ЖЖОКБҰ түлектеріне құрылған жұмыс орындарының санына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда жоғары оқу орны бітірушілердің кемінде 50%-ын кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіргеннен кейінгі екі жыл ішінде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламалары	2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері					
	жалпы саны	жұмысқа орналасқандар	оқуын жалғастырғандар	бала күтімінде/ әскерде / мүгедек	шетел азаматтары	құжаттармен %-дық көрсеткіш
1. 6B02228-Дінтану	13	9	2	1	1	92,3%

2. 6B02229- Теология	31 (4 хабарсыз)	14 (2 бұйрық желтоқсанда шығады)	2	4	5	76,9%
Факультет бойынша	44	23	4	5	6	84,6%

Магистратура бойынша факультеттер көрсеткіші

Білім беру бағдарлама лары	2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері								пайызд ық көрсетк іш, %
	жалп ы саны	жұмыс қа орнала сқан	оқуын жалғаст ырған	әскер де	бала күтімін де	шетел азамат тары	мүг еде кте р	жұмы ссызд ар	
1. 7M02211- Дінтану	5	3			2	-	-	-	100%
2. 7M02262- Теология	10	4 (1 бұйрық қантар да шығад ы)	1	-	1	2	-	-	90%

3-мәселе бойынша оқу-әдістемелік комитет отырысында факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева сөз алып, білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы анықталды деп бастады. Қорытынды аттестаттау рәсімінің қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өткізілуін қамтамасыз ету үшін комиссия құрамына білікті, тәжірибелі және тиісті пәндер бойынша құзыретті педагог қызметкерлер енгізілді.

Комиссия төрағалары қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға, өткізу барысын үйлестіруге, сондай-ақ белгіленген талаптардың сақталуын бақылауға жауапты болады. Комиссия мүшелері білім алушылардың білім деңгейін әділ бағалауды, аттестаттау материалдарының дұрыс қолданылуын және рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Аталған комиссияның қызметі білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін объективті анықтауға және қорытынды аттестаттаудың нәтижелерін заңнама талаптарына сәйкес рәсімдеуге бағытталады.

Осыған байланысты қорытынды аттестаттау комиссиясының қызметін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастыруды, комиссия мүшелерінің жауапкершілігін нақтылауды және бағалау рәсімдерінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс берілді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 30.10.2018 ж. №595 бұйрығының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 43-тармағына және «Университеттің академиялық саясатына», 25.12.2025ж. күнгі №5 Сенат шешіміне сәйкес 2025-2026 оқу жылында Теология факультетінің бітіруші білім алушыларына қорытынды аттестаттау өткізу үшін Аттестаттау комиссиясының төрағаларын және құрамын бұйрықпен бекітуге ұсынамыз.

**6B02228-Дінтану беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан,
7M02211-Дінтану білім беру бағдарламасы бойынша магистрлік диссертацияны
қорғау:**

№	Аты-жөні	Ғылыми/ академия лық дәрежесі	Қызметі	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Ержан Қалмахан Сейтұлы	PhD., аға оқытушы	Исламтану кафедрасының профессоры	Нур-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қаласы.	Комиссия төрағасы
2.	Камалова Фэриде Болатқызы	PhD., аға оқытушы	Дінтану кафедрасының меңгерушісі	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті	Комиссия мүшесі
3.	Кенжетәев Досай Тұрсынбайұлы	Филос.ғ.д.,	Профессор		Комиссия мүшесі
4.	Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы	PhD., аға оқытушы	аға оқытушы		Комиссия мүшесі
5.	Адиева Ляззат Саруаровна	Магистр	оқытушы		Хатшы

**6B02229-Теология білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан, 7M02262-
Теология білім беру бағдарламасы бойынша магистрлік диссертацияны қорғау:**

№	Аты-жөні	Ғылыми/ академия лық дәрежесі	Қызметі	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Ержан Қалмахан Сейтұлы	PhD., аға оқытушы	Исламтану кафедрасының профессоры	Нур-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қаласы.	Комиссия төрағасы
2.	Шауенов Дидар Шауенұлы	PhD., аға оқытушы	Теология кафедрасының меңгерушісі	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті	Комиссия мүшесі
3.	Нурматов Жахангир Ешбайевич	PhD., доцент	Аға оқытушы		Комиссия мүшесі

4.	Усаинова Ақмоншақ Нұрланқызы	PhD., аға оқытушы	Аға оқытушы		Комиссия мүшесі
5.	Базарбаева Зиеда Толкуновна	Магистр	оқытушы		Хатшы

4-мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.А. Шадинова сөз алып, ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу нәтижелері бойынша жүргізілген мониторингті саралау барысында оқытушылар оқыту әдістерін қолдану деңгейі, сабақ құрылымының тиімділігі және білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасы анықталды. Талдау нәтижесінде нәтижелі тәжірибелер мен тиімді педагогикалық тәсілдер іріктеліп, оларды оқытушылар қауымдастығы арасында кеңінен тарату қажеттілігі айқындалды. Аталған бағытта атқарылған жұмыстар мен мониторинг нәтижелері бойынша белгіленген тәртіпте есеп берілді. Осы жұмыстардың қорытындысы негізінде тиісті хаттамалар рәсімделіп, барлық құжаттар талапқа сай толық көлемде тапсырылды.

Сонымен қатар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру және сабақтың сапасын жақсарту мақсатында оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық әдістерді енгізу қажеттілігі атап өтілді. Атап айтқанда, философиялық коллаж, пікірталасқа негізделген әдістер, пәнаралық байланысқа құрылған тапсырмалар, сондай-ақ пәннің мазмұнына сәйкес діни-танымдық бағыттағы әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылды.

**2025-2026 оқу жылындағы 1 семестрде өтілген ашық (мастер класс, ақылдасу)
сабақтар**

№	Кафедрасы	Оқытушылардың аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Жоспарланған уақыты /күні	Аудитория
Теология факультеті						
1	Философия	Тулеев М.	Философия	Тарих философиясы	27.11.2025 15:30-16:20	6-101
2		Кузембаева С.	Философия	«Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы	12.12.2025 13:30-14:20	3-327
3	Дінтану	Камалова Ф.	Дін негіздері	Дінтану ғылымының ерекшеліктері	26.09.2025 10.30-11.20	1 - 336
4		Сайфунов Б.	Ислам ағымдары	Харижи ағымы негіздері	20.10.2025 14.30.-15.20	1 -319
5		Мырзабеков М.	Дін философиясы	Жамандық мәселесінің мәні және атеистік сындар	18.11.2025 15.30.-16.20	1 - Конф. Зал
6	Теология	Ибадулла Ы.	Сияр	Ардақты пайғамбарымызд	17.09.2025 14:30-15:20	3-317

				ың алғашқы уахи түсуі		
7		Базарбаева З.	Ислам діні негіздері	Исламда ораза және ораза құлшылығына қатысты мәселелер	29.10.2025 13:30-14:20	3-317
8		Омаров Б.	Практикалық араб тілі III	Етістіктің өткен шақта түрленуі	19.11.2025 14:30-15:20	1-324

2025-2026 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты бойынша факультет ОПК үшін өтілген ішкі әдістемелік семинарлар

№	Кафедра	Семинар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты орындаушы
Теология факультеті				
1	Философия	Сапалы мақала жазуда инновациялық технологиялық құрылғыларды дұрыс қолдану	Қараша	Phd, доцент Қалдыбай Қ.
2		Мақсат пен мағына: IELTS-ке дайындалудағы адам мотивациясының табиғаты	Желтоқсан	Магистр оқытушы Досалиев Т.
3		Кәсіби күйзеліс пен кафедра сапасы: алдын алу жолдары	Қаңтар	Phd, профессор Жошкун К.
4		Сапалы білім – кафедраның стратегиялық мақсаты	Наурыз	Phd, аға оқытушы Шылмамбетов С.
5		Этика пәнін Coursera платформасына еңгізу тәжірибесі: әдістемелік және практикалық қырлары	Сәуір	Филос.ғ.к., аға оқытушы Шадинова Г.
8	Дінтану	Ясауитану пәнін оқытудың әдістері мен оқыту бағдарламалары	Қыркүйек	Phd аға оқытушы Б.Сайфунов
9		Семинар (практикалық) сабақтарын өткізу мен бағалау тәсілдері	Қазан	ХҚТУ доценті С.Оразбай

10		ОБӨЖ және БӨЖ сабақтарын өткізу мен бағалау тәсілдері	Қараша	Оқытушы Л.Адиева
11		Түркия Республикасы Эрджиес университетінде Дін психологиясы пәнін оқытудың әдістері	Ақпан	Phd аға оқытушы М.Төлегенов
12		Мемлекеттік конфессияаралық қатынастар пәнін дінтану мамандығына оқытудың ерекшеліктері	Наурыз	Phd аға оқытушы Ф.Камалова
13		Діни мәтіндер түсіндірмесі пәнін оқытудың әдістері	Сәуір	Филос.ғ.к., аға оқытушы М.Мырзабеков
14	Теология	Ясауитану пәнін оқытудың әдістері мен оқыту бағдарламалары	Қыркүйек	Оқытушы Ы.Ибадулла
15		Семинар (практикалық) сабақтарын өткізу мен бағалау тәсілдері	Қазан	Оқытушы З.Базарбаева
16		ОБӨЖ және БӨЖ сабақтарын өткізу мен бағалау тәсілдері	Қараша	Оқытушы Б.Омаров
17		Түркия Республикасы Эрджиес университетінде Дін психологиясы пәнін оқытудың әдістері	Ақпан	Phd, доцент Ж.Нурматов
18		Мемлекеттік конфессияаралық қатынастар пәнін дінтану мамандығына оқытудың ерекшеліктері	Наурыз	Phd, аға оқытушы Д.Шауенов
19		Діни мәтіндер түсіндірмесі пәнін оқытудың әдістері	Сәуір	Phd, аға оқытушы А.Усаинова

5-мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.А. Шадинова сөз алып, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау бойынша, мониторинг нәтижелері көрсеткендей, оқытушылар арасында цифрлық платформаларды, интерактивті оқыту құралдарын, жобалық және проблемалық әдістерді қолдану деңгейі артып келеді. Сонымен қатар, студенттердің оқу процесіне қатысу белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа технологиялардың тиімділігі анықталды.

Мониторинг барысында мынадай негізгі бағыттар бойынша талдау жүргізілді:

- Оқыту әдістерінің әртүрлілігі мен инновациялық құралдардың қолданылу жиілігі;
- Студенттердің оқу мотивациясы мен пәнге деген қызығушылығының өзгеруі;

Қолданылған технологиялардың оқу нәтижелеріне әсері және олардың практикалық тиімділігі;

Оқытушылардың инновациялық әдістерді қолданудағы кәсіби дайындығы мен қосымша білім алу қажеттілігі.

Нәтижесінде, факультетте оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын кеңінен енгізу үшін ұсыныстар дайындалды: оқытушыларға кәсіби дамыту тренингтерін ұйымдастыру, интерактивті оқу құралдарының санын арттыру, тәжірибелік сабақтар мен жобалық жұмыстарға басымдық беру болды.

6-мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.А. Шадинова сөз алып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру барысында еңбек нарығының қажеттіліктері мен талап етілетін құзыреттерді жүйелі түрде зерттеу маңызды рөл атқарады, деп бастады. Бұл зерттеулер білім беру мазмұны мен оқыту әдістерін қазіргі заман талабына сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді. Еңбек нарығын талдау арқылы студенттерге кәсіби қызмет барысында қажетті практикалық дағдылар, мамандыққа тән кәсіби құзыреттер және жалпы еңбек нарығында сұранысқа ие қабілеттер анықталады.

Сонымен қатар, құзыреттерді зерттеу білім беру бағдарламасының құрылымын және оқу нәтижелерін нақты мақсаттармен сәйкестендіруге ықпал етеді. Бұл процеске келесі аспектілер кіреді:

- Мамандардың қазіргі кәсіби талаптары мен еңбек нарығындағы трендтерді талдау;
- Студенттердің кәсіби және жеке дамуына қажетті негізгі және қосымша құзыреттерді анықтау;
- Бағдарламаның оқу нәтижелері мен пәндік мазмұнының еңбек нарығының қажеттіліктерімен үйлесімділігін қамтамасыз ету;
- Оқу процесіне практика, жобалық жұмыстар және кәсіптік іс-тәжірибе компоненттерін енгізу арқылы құзыреттерді тиімді қалыптастыру.

Осыған сәйкес, білім беру бағдарламаларын өзектендіру еңбек нарығының талаптарына сай, студенттердің кәсіби құзыреттерін толыққанды дамытуға және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған жүйелі әрі дәлелді процесс ретінде жүзеге асады.

7-мәселе бойынша, «Теология» кафедрасының меңгерушісі Д. Шауенов сөз алып, яғни бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау факультетте білім беру сапасын тұрақты бақылау мен жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. Аккредиттеу қорытындылары оқу бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, оқу процесінде және оқу-әдістемелік жұмыста қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері негізінде оқу бағдарламаларын жаңарту, пәндер мазмұнын жетілдіру және оқыту әдістерін заманауи талаптарға сәйкес бейімдеу жұмыстары жүргізіледі.

Институционалдық аккредиттеу бойынша талдау білім беру ұйымының жалпы сапалық деңгейін бағалауға бағытталған. Бұл процесс оқу бағдарламаларының үйлесімділігі, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігі, оқу және зерттеу инфрақұрылымының тиімділігі, студенттердің білім сапасы мен құзыреттерін қалыптастыру деңгейі сияқты аспектілерді қамтиды. Институционалдық аккредиттеу нәтижелері негізінде факультет немесе жоғары оқу орнының стратегиялық даму жоспарлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Сонымен қатар, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру білім беру сапасын ұзақ мерзім бойы бақылауға және түзетулердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстарға келесі іс-шаралар кіреді:

- Аккредиттеу қорытындылары бойынша белгіленген ұсынымдардың орындалу деңгейін тексеру;
- Оқу бағдарламаларын, пәндер мазмұнын және оқыту әдістерін қайта қарау;

- Студенттердің оқу нәтижелері мен құзыреттерін бақылау, қажет болған жағдайда қосымша түзетулер енгізу;
- Профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби дамуын бақылау және қосымша тренингтер ұйымдастыру;
- Қабылданған шаралардың нәтижелерін жүйелі түрде құжаттау және келесі мониторингке дайындық жүргізу.

Осы жұмыстардың үйлестірілген жүйесі білім беру сапасын қамтамасыз етуге, студенттердің кәсіби құзыреттерін тиімді қалыптастыруға және жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы мәселе бойынша, Дінтану кафедрасының меңгерушісі PhD Ф.Камалова:

Қолданыстағы білім беру бағдарламасы 2024-2025 оқу жылында жаңартылғандықтан, аталған бағдарлама ағымдағы оқу жылы үшін де өзекті әрі тиімді деп санаймыз. Осыған байланысты, биылғы оқу жылында білім беру бағдарламасына қосымша өзгерістер енгізу қажеттілігі жоқ деп есептейміз. Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылының соңында EPVO платформасында 6B02228 – Дінтану білім беру бағдарламасына бірқатар мазмұндық түзетулер енгізілгенін атап өтеміз: оқыту нәтижелерінің (ОН1, ОН3) құрамына жасанды интеллект және инклюзивті оқыту әдістері енгізілді; оқу жоспарындағы «Ислам тарихы» (5 кр.) пәні алынып, оның орнына «Діндер тарихы І» (2 кр.), «Діндер тарихы ІІ» (2 кр.), «Дін негіздері» пәніне (1 кр.) кредиттер бөлінді және пән сипаттамалары сәйкесінше қайта қаралды; «Құрантану» пәні ТК блогына ауыстырылды; сондай-ақ бірқатар пәндердің ЖК/ТК мәртебесі өзгертіліп, «Түркі ислам тарихы», «Хитаба» пәндері толық алынып тасталды, соңғы модульдегі ТК пәндер саны 6-дан 4-ке қысқартылды.

Ал 7M02211 – Дінтану білім беру бағдарламасына қатысты: ТК пән «Дінтану әдіснамасы» ЖК ретінде бекітіліп, докторантураға түсу талаптарымен үйлестірілді; ЖК-не «Дін саласындағы құқықтық реттеу» атты жаңа пән енгізілді; ТК пәндер қатарына «Қазіргі дін әлеуметтануы мен психологиясының негізгі мәселелері» атты жаңа пән қосылды; «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» және «Академиялық ғылыми жазба» пәндерінің сипаттамаларына ЖИ қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді; кәсіптік стандарттар енгізіліп, еңбек функциялары оқыту нәтижелерімен байланыстырылды; ОН-дардың реттілігі қағаз нұсқасымен сәйкестендіріліп, ОН4 және ОН5 құрамына ЖИ қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жетілдіру барысында, ең алдымен, жұмыс берушілер тарапынан ұсынылатын пікірлер мен талаптарды ескеру маңызды. Себебі білім алушылар теориялық білімді меңгергеннен кейін өндірістік практикадан өтеді. Практика барысында студенттердің қандай кәсіби құзыреттіліктері мен практикалық дағдыларын дамыту қажеттігі айқындалады. Аталған мәселелер қазіргі таңда аса өзекті болып отыр.

Күн тәртібіндегі келесі маңызды бағыт – Атамекен рейтингіне қажетті құжаттарды жүйелі дайындау. Атап айтқанда, 2025 жылғы рейтинг критерийлері аясында: түлектердің мансаптық болашағы бойынша мәліметтер 1-қосымшаға енгізілгені; ББ-ны әзірлеу/жұмыс берушілермен келісу бойынша 2024-2025 оқу жылындағы келісімдер мен растайтын құжаттардың (титулдық парақ, ОЖЖ, рецензиялар, сараптамалық қорытындылар, хаттамалар) PDF форматта жүктелгені; ПОҚ сапасы бойынша соңғы 15 жыл (01.01.2010 ж. бастап) және кемінде 12 ай тәжірибесі бар оқытушылар деректерінің кестелерге енгізілгені көрсетілді. Сондай-ақ практик мамандардың негізгі жұмыс орнынан анықтамалары жүктеліп, 3.1-қосымша толтырылғаны; бағдарламалық аккредитеу сертификаты тіркелгені; 2024–2025 оқу жылындағы сыртқы академиялық ұтқырлық деректері толықтырылғаны; 2025–2026 оқу жылына түскен талапкерлердің ҰБТ/КТ орташа балына қатысты растайтын құжаттар енгізілгені; шетелдік 2 білім алушының деректері мен паспорт көшірмелері 9-қосымшаға тіркелгені айтылды.

Осыған байланысты, ағымдағы оқу жылында ББ-ның мазмұнын түбегейлі қайта өзгертуден гөрі, енгізілген жаңартулардың оқу үдерісінде сапалы іске асуын, силлабустар мен күтілетін оқу нәтижелерінің сәйкестігін және жұмыс берушілердің кері байланысын тұрақты мониторингте ұстау қажет деп санаймыз. Сонымен бірге, 2025–2026 оқу жылында 6B02228 –

Дінтану және 7М02211 – Дінтану білім беру бағдарламалары аясында оқытылатын пәндер бойынша әзірленген силлабустардың студенттердің күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне қаншалықты ықпал ететінін айқындау қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, пән сипаттамасымен танысқан студенттер үшін таңдалған курстарда көзделген оқу нәтижелеріне сәйкес қажетті құзыреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімді әрі орынды қолданылуы ерекше маңызға ие.

Сөз кезегін «Философия» кафедрасының меңгерушісі PhD Шылмамбетов сөз алып, Философия кафедрасында 6В02286 – Философия-дінтану білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісінің мазмұнына талдау жүргізіліп, бағдарламаның қазіргі еңбек нарығы мен академиялық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қарастырылды. Соңғы оқу жылдарындағы үрдістерді ескере отырып, білім беру бағдарламасының кейбір пәндеріне қатысты мазмұндық нақтылаулар жасалғанын атап өтемін. Атап айтқанда, білім алушылардың заманауи цифрлық сауаттылығын және зерттеушілік дағдыларын күшейту мақсатында, пән мазмұндары мен күтілетін оқу нәтижелеріне жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын жауапты әрі тиімді қолдануға қатысты элементтер енгізілді. Бұл өзгерістер білім алушылардың академиялық мәтінмен жұмыс істеу, ақпаратты талдау және ғылыми-зерттеу міндеттерін орындау барысында қазіргі технологиялық мүмкіндіктерді сауатты пайдалануға бағытталды.

Сонымен бірге, алдағы оқу жылдарында білім беру бағдарламалары аясындағы жекелеген пәндерге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін екені назарға алынды. Себебі білім беру мазмұны еңбек нарығындағы сұранысқа, академиялық стандарттарға және білім алушылардың оқу траекториясына қарай үнемі жетілдіруді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі болып қала береді. Бағдарламалардың басты мақсаты – заманауи талаптарға жауап беретін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлау.

Осы мақсатқа жету үшін әр сала бойынша білім алушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Кей жағдайда білім алушылар таңдаған саланың мәні мен маңызын, мақсаты мен атқаратын функцияларын толық түсіне бермейді. Сондықтан сапалы білім беру контентін кеңейте отырып, білім алушыларды мамандыққа бейімдеу және қызықтыру бағытында кіріспе сипаттағы пәндердің маңызы жоғары. Осы орайда «Мамандыққа кіріспе» мазмұнын атқаратын пәндердің орны ерекше деп айтуға болады. Осы бағытта философия кафедрасында 6В02286 – Философия-дінтану білім беру бағдарламасы аясында «Мамандыққа кіріспе» пәні енгізіліп, аталған пән бойынша дәрістер табысты түрде жүргізілуде. Бұл пән білім алушыларға философия мен дінтану салаларының негізгі ұғымдық аппараты мен зерттеу нысандарын жүйелі түрде түсіндіруге, мамандықтың мазмұнын саналы қабылдауға және әрі қарайғы пәндерді игеруге берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, бағдарламаның мазмұны қолданыстағы талаптарға сәйкес деп бағаланып, өткен оқу жылында енгізілген ЖИ-ға қатысты мазмұндық толықтырулар бағдарламаны өзектендіруге қызмет етті. Сондықтан ағымдағы оқу жылында 6В02286 – Философия-дінтану білім беру бағдарламасына қосымша түбегейлі өзгерістер енгізудің қажеттілігі жоқ деген пікір білдіремін.

8-мәселе бойынша факультеттің деканы Абжалов С. сөз алып, 2025–2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында жоғары оқу орнының ақпараттық картасын толтыру үшін дайындық бағыттарының білім беру бағдарламаларының (БББ) тізімін анықтау маңызды, деп бастады. Бұл процесс білім беру сапасын қамтамасыз етуге, мемлекеттік тапсырысқа сәйкес кадрларды даярлауға және оқу орнының академиялық жоспарлауын жүйелеуге бағытталған.

- Дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау барысында келесі аспектілер ескеріледі:
- Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі мен профильдік сұраныстары;
- Еңбек нарығының қазіргі талаптары мен болашақтағы сұраныс трендтері;

- Студенттердің қызығушылығы мен қабылдау көрсеткіштері;
- Білім беру бағдарламаларының аккредиттеу нәтижелері мен сапалық көрсеткіштері;

Жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамының және оқу-әдістемелік базасының мүмкіндіктері.

Бұл жұмыстар нәтижесінде жоғары оқу орнының ақпараттық картасы нақты, толыққанды және заманауи мәліметтермен қамтамасыз етіліп, мемлекеттік білім беру тапсырысын тиімді орналастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл процесс оқу жоспарларын оңтайландыруға, студенттерді сапалы біліммен қамтамасыз етуге және стратегиялық даму бағыттарын анықтауға ықпал етеді.

9 - мәселе бойынша оқу-әдістемелік комитет отырысында факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева сөз алып, факультет ішінде нормативтік актілер мен әдістемелік регламенттерді жетілдіру – оқу процесін тиімді ұйымдастыру және білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды бағыт болып табылады. Бұл шара факультеттегі білім беру қызметінің заңдылыққа сәйкестігін, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық үдерістердің айқын құрылымын қамтамасыз етуге бағытталған.

Нормативтік актілер мен әдістемелік регламенттерді жетілдіру барысында келесі аспектілер қарастырылады:

- Оқу процесінің құрылымы, оқу жоспарлары, кредиттік жүйе және бағалау критерийлері бойынша нормативтік құжаттардың жаңартылуы;
- Пәндік және бағдарламалық мазмұнды, оқытудың инновациялық әдістерін, технологияларын енгізуді реттейтін әдістемелік нұсқаулықтарды жетілдіру;
- Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау және білім беру нәтижелерін бақылау ережелерін айқындау;
- Профессорлық-оқытушылық құрамның жұмыс міндеттері, кәсіби дамуы және оқытушылық қызмет сапасын бақылау талаптарын нақтылау;
- Білім беру сапасын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі мониторинг және аккредиттеу рәсімдерін жүйелеу.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы факультет нормативтік-құқықтық және әдістемелік базасын жетілдіріп, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, оқу процесін стандарттарға сай ұйымдастыруға және студенттердің кәсіби құзыреттерін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік алады.

10-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

1. Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.
2. «Теология» кафедрасының біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы «Шапағат нұры – исламдық руханият негіздері» зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне арналған қосымша білім беру бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.

1-мәселе бойынша, келесі кезекте Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасын талқыланды. Г.Шадинова ханым сөз алып, курстың құндылығы мен маңыздылығын атап өтті. Басқа оқытушылар да өз ойларын ортаға салды. Д.С. Жаркинбаева әзірлеген «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасы кафедра тарапынан жан-жақты зерделеніп, оқу үдерісіне енгізуге толықтай лайық деп танылды. Бағдарлама құрылымы модульдік принципке негізделген және 32 сағаттық ғылыми-әдістемелік талаптарға сай жүйеленген. Бағдарлама заманауи өмір қарқыны, ақпараттық жүктеме және әлеуметтік факторлардың адам психикасына әсерін ескере отырып әзірленген. Тренингтік курс психологиялық тұрақтылықты дамыту, күйзеліске қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру және білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқатын нығайтуға бағытталған.

Курс мазмұны қазіргі әлеуметтік жағдайдағы жастар мен ересектердің психикалық саулығын нығайтуға бағытталған өзекті мәселелерді қамтиды. Әр модульде теориялық түсінік қысқа әрі нақты беріліп, негізгі басымдық практикалық жаттығуларға жасалған. Бұл оқу

форматы психологиялық тренингтерге тән динамиканы сақтауға және қатысушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламада жарқын әдістемелік шешімдер қолданылған: өзіндік диагностика (күйзеліс шкаласы), эмоцияны реттеу құралдары, тыныс алу және визуализация техникасы, арт-терапиялық тәсілдер, жеке шекараны қорғауға арналған рөлдік ойындар. Мұндай әдістер студенттердің коммуникативтік, эмоционалды және тұлғалық құзыреттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар курс соңындағы рефлексия модулі қатысушылардың жеке өзгерістері мен даму динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Курс ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген, теориялық негіздері заманауи психология талаптарына сай, практикалық мазмұны кәсіби даярлық деңгейіне сәйкес келеді. Бағдарламаның қолданылу аясы кең, болашақ психологтар, педагогтер және әлеуметтік қызметкерлер үшін құнды оқу материалы болып табылады.

Бағдарламаны кафедраның оқу-әдістемелік қорына енгізуге және білім беру үдерісінде пайдалануға толықтай ұсынамыз.

2-мәселе бойынша, «Теология» кафедрасының меңгерушісі Д. Шауенов сөз алып, яғни бұл қосымша білім беру бағдарламасы аясында зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне исламдық руханият құндылықтарын заманауи талаптармен ұштастыра меңгеруге мүмкіндік беріледі. Қазіргі қоғамның даму үдерісі – цифрландыру, коммуникацияның жеделдеуі және әлеуметтік қатынастардың өзгеруі – аға буын өкілдеріне де жаңа жағдайда өз орнын табуды, рухани кемелдену арқылы өмір сапасын арттыруды қажет етеді. Исламдық руханияттың негізгі қағидалары – иман, сабыр, шүкір, мейірім, әділдік, ізгілік – адамға кез келген ортада үйлесім мен тыныштық сыйлайтын өмірлік бағдар болып табылады. Осындай құндылықтарды жаңаша түсіну, оларды күнделікті өмірде қолдану, заманауи қоғам сұраныстарымен байланыстыра білу зейнеткер жастағы азаматтарға ерекше қажет. Бүгінгі таңда аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесін рухани тәрбиемен ұштастыра отырып, қоғамға белсенді түрде қатысуына сұраныс артып келеді. Сондықтан бағдарламаның мазмұны исламдық құндылықтарды түсіндірумен қатар, қазіргі заман адамына қажетті дағдылармен толықтырылады: іскерлік қарым-қатынас мәдениеті, қоғамда өзін ұстай білу әдебі, ортада сыйластық орнату, цифрлық ресурстарды өз қажетіне тиімді пайдалану, жаңа жағдайларға икемделу сияқты бағыттар қамтылады деп сипаттап, баяндады.

Осы мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы филос.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Шадинова, өз сөзінде, бағдарламаның мақсаты, бұл тыңдаушыларды исламдық руханият негіздерімен таныстырып, іскерлік коммуникация дағдыларын дамыту, жеке мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, шығармашылық және зерттеу бағытындағы жұмыстарға бейімдеу, күнделікті өмірде цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын этикалық әрі тиімді қолдануды үйрету, сонымен қатар олардың рухани дамуына үлес қосу.

Шешім:

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы қарастырылсын.
2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасу жағдайы талдансын.
3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықталынсын.
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы мәселелер айқындалсын.
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдансын.
6. Білім беру бағдарламаларын өзектендіру үшін еңбек нарығы мен құзыреттерді зерттеуді қосу қарастырылсын.

7. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы мәселелері анықталсын.
8. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықталсын.
9. Факультет ішінде нормативтік актілер мен әдістемелік регламенттерді жетілдірсін.
10. Әр түрлі мәселелер
 1. Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасы қаралып, университеттің оқу-әдістемелік комитетінде бекітуге ұсынылсын.
 2. «Теология» кафедрасының біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы «Шапағат нұры – исламдық руханият негіздері», зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне арналған қосымша білім беру бағдарламасы талқыланып, мазмұны мен құрылымы мақұлданып және университеттің оқу-әдістемелік комитетінде бекітуге ұсынылсын.

Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г.А. Шадинова